

Р. ДИУАНОВА

## ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛАУ ТУРАЛЫ

Тіліміздегі туыстық атауларда варианттылық және синонимия құбылысы жиі ұшырасады. Оның басты себептерінің бірі — жергілікті қолданыстардың көптігі. Бір атаудың өзін түсіндірген кезде жер-жерде әркелкіліктер байқалады. Төңкеріске дейінгі сөздіктердегі бұл тұрғыдағы ерекшеліктер төмендегілерге саяды: 1888 жылы Ташкентте жарық көрген Е.Букин сөздігінде *ана* атауы *шешеге* қарағанда басым қолданылады [1]. Мұны *шеше* сөзінің сөзтізбеге кірмеуінен байқаймыз. Сөздіктердің көпшілігінде жағдай басқаша. 1897 жылғы қазақша-орысша сөздікте *ана* жалпылық мағынада, ал нақты жағдайларда *шеше*, *ана*, *әже* атаулары пайдаланылатындығы айтылса, Омбы қаласында 1905 жылы жарық көрген Ж. Көшербаев сөздігінде «*мать* — шеше, әже» болып берілсе, Радлов сөздігіндегі қазақ тілі материалдары арасында *ана* сөзі мүлде жоқ. Букин сөздігінде *әйел* сөзі кездеспейді. Бұл сөз Ильминский сөздігі мен қазақша-орысша сөздікте (1897) «*айел — женщина* (уважительно)» түрінде жазылған болса, Радлов сөздігінде «*aial* — 1. девица, 2) дочь» мағынасында ғана ұшырасады. Радлов сөздің араб тілінен енген кірме сөз екендігін көрсетеді. Алайда араб тілінде жалпылық *бала* мағынасында қолданылатын бұл сөздің қазақ тілінде тек қана қыз балаға қатысты айтылу себебін ашпайды. Біздің ойымызша, ғалым бұл сөзді *әйел бала* тіркесіндегі «қыз бала» мағынасына қарап қолданып отыр. *Балдыз* атауы қазақша-орысша сөздік (1897), Радлов сөздігі, Көшербаев сөздігі секілді еңбектерде тек қана қыз балаға қатысты айтылса, Букин сөздігі оның қызға да, ұлға да ортақ атау екендігін айғақтайды [2].

Қазақ тілінің сөздік құрамына енетін атаулық бірліктерді қазіргі сөздіктерге сұрыптап алу — әлі де толық шешімін таппаған мәселелердің бірі. Тәжірибелік лексикографияда қалыптасқан жағдай бойынша, сөздер бұрын жарық көрген сөздіктердің сөзтізбелері негізінде сұрыпталып, оларға біршама толықтырулар жасау жолымен алынып келді. Жекелеген тақырыптық, лексика-семантикалық топтардың құрамы сөздікке алынар алдында түгелдей сараланып, бастан-аяқ тексерілген емес. Төл мәдениетіміздің ерекшелігін айғақтайтын маңызды атаулардың, тілдік қатынаста жиі

қолданылатын атаулардың сөзтізбеге енбей қалуы осындай салғырттықтың салдары. Жасалатын сөздіктің сапалы болып шығуы үшін, жоғарыда сөз болғандай, белгілі бір тақырыптық, лексика-семантикалық топқа кіретін атаулар құрамы алдын ала қарастырылып, түгенделуі керек. Мұның өзі ол топқа кіретін атауларды іштей саралап, олардың маңызды немесе маңызсыздығын, ескі немесе жаңалығын, төл не кірмелігін белгілеп, жасалатын сөздіктің мақсатына, адресатына, көлеміне байланысты қажеттілерін сұрыптап алу үшін қажет.

Әрине әр сөздіктің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, жалпы халықтық қолданымға арналып жасалатын үлкен түсіндірме сөздіктерге ол атаулардың түгел алынғаны жөн. Бұл, біріншіден, үлкен сөздікте тілдегі сөздік құрамның неғұрлым толық қамтылуына жағдай жасайтын болса, екіншіден, топқа кіретін атаулар толық құрамда алдын ала тексерістен өткендіктен, олардың арасындағы семантикалық қатынастардың айқын, анық ашылуына жағдай жасалады. Топ ішіндегі әр атаудың өзіне ғана тән орны белгіленіп, айқындалуы себепті оларға сөздіктің ішінде берілетін анықтамалардың да сапалы болатыны белгілі. Ал орташа және шағын түсіндірме сөздіктер мен аударма сөздіктерге сөздерді сұрыптау барысында тақырыптық топтағы атаулар маңыздылығы мен қолданылу жиілігі тұрғысынан сараланып барып алынады. Бұл мәселеде сөздіктің оқырмандары кімдер, олардың ұлттық ерекшеліктері, тілді меңгеру дәрежесі, білім деңгейі мен мамандық саласы қандай екендігі ескеріледі. Олардың этникалық қазақ болуының немесе қазақ халқының тілі мен тұрмысынан хабардар қазақстандық болуының, не туыстас түркі тілдес халықтардың өкілі болуының немесе қазақ тілі мен мәдениетінен мүлде хабарсыз алыс шет елдердегі халықтардың өкілі болуының айтарлықтай әсері болады.

Тілдегі тақырыптық топтар ішінде адамаралық қатынас үшін маңыздылары да, маңызы аздары да ұшырасады. Құрамындағы атаулар түгелімен, жүз пайыздық деңгейде маңызды топтар да кездеседі. Солардың бірі — туыстық атаулар. Жалпылама қолданысқа арналған бір тілді түсін-

дірме сөздіктерде де, екі тілді аударма сөздіктерде де туыстық атаулардың негізгі құрамының түгел қамтылуы шарт. Туыстық атаулардың сөздіктерде қамтылу көлемі бір мәселе болса, олардың қалай лексикографиялануы, берілетін анықтамалардың сипаты – екінші бір маңызды мәселе. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың сөздіктерде қамтылу дәрежесі әрқалай. Он томдық түсіндірме сөздікте олар біршама толық берілген.

Егер жасалып отырған түсіндірме сөздік халық тілінің сөздігі, мәселен, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі болса, ол сөздікте туыстық атаулардың жергілікті қолданымдағы баламалары да көрсетілуі керек. Мысалы, әдеби тілдегі **нағашы** сөзі еліміздің бірқатар өлкелерінде **таға** тұлғасында қолданылады. Халық тілінің сөздігі болғандықтан, жалпылама дағдылы қолданымды көрсету талаптары бұл атауды да беруді қажет етеді. Әдеби тіл халық тілінің өзегі іспеттес. Сондықтан халық тіліндегі дағдылы қолданымда бар сөз оның әдеби тілде бекіген баламасына зиян тигізбейтіндей қалыпта алынуы керек. Сондықтан әуелі диалектілік (аймақтық) қолданым екендігін айғақтайтын белгі, одан кейін жақшаның ішінде қолданымды жазылып алынған жерлер көрсетіледі: **Таға айм.** **Нағашы** (Қ.-орда: Жал., Сыр., Шиелі; Жамб.: Жам.; Шымк.: Сар.). Мысал диалектологиялық сөздіктен келтіріледі: *Адамның бір жұрты тағасы гой* (Қ.-орда: Жал.). Бірақ сөздің толық түсіндірмесі міндетті түрде әдеби нұсқада, яғни нағашы сөзінде беріледі.

Қазақ тілі говорларында айтылатын туыстық атаулар төмендегіше:

**Ата-анаға ортақ туыстық атаулар.** *Елет* (туыс), *туыс* (шешесі бір, аталары басқа адамдар), *туысқан* (әкесі де, шешесі де бір адамдар), *тире* (рудың ішіндегі ұсақ бөлімдер), *тақта* (рудың ішкі кіші бөлімдері), *үрінтес* (ағайындас, аталас), *сой* (нәсіл, ұрпақ), *қабыз* (нәсіл, ұрпақ), *үрім* (біріншіден он бірінші атаға дейінгі жалпы атау), *ноқатек* (әкесі белгісіз адам) т. б.

**Ата, әке жағынан айтылатын туыстық атаулар.** *Ұлық баба* немесе *ата-баба* (ең үлкен бабалары), *бапа* (әкесінің әкесі), *ұлы ата* (әкесінің әкесі), *қарәке* (әкесінің әкесі), *әке* (1. өз әкесі, 2. Өзбекстанда аға мағынасында), *бел бала* (өзінен туған бала), *шөжім* (өзінен туған баланы Өзбекстан қазақтары осылай атайды), *ақтық* (немере), *шаулық* (немеренің баласы, ал Гурьев қазақтарында немере баласын *немелтай* дейді), *немене*, *өте жат* (деп Шу бойы қазақтары тілінде шөбереден туған балаларды айтады. Ал кейбір жерлерде оны

*қияжат*, *туасар* дейді). *Туажат* (шөберенің баласының баласы), *жүрежат* (туажаттан туған бала), *тумайжат* (жүрежаттан туған бала), *құлажат* (тумайжаттың баласы). *Жұрағат* (құлажаттың баласы), *жатжұрағат* (жұрағаттың баласы). Өз әкесінен санағанда осы жатжұрағатқа дейінгі он бірінші буынды *үрім* деп атайды. Бұдан кейінгі буын *жегжат* деп аталады. Бұдан басқа туыстық атауларға катысты *көке* (1. Өзбекстан қазақтарында бірге туған жасы үлкен адам; 2. Шу бойында (әкесінің інілері), *тәте* (әкесінің інілері), *жамағайын* (әкесінен санағанда алтыншы буын), *жалпы ағайын* (жетінші атадан асқаны), *немере ағайын* немесе *жамағайын* (атасының бауырлары мен бірге туғандары), *қабырға ағайын* (аталас туыстар), *дәдә* (аға), *жәке* (әке, аға) т. б.

**Шеше, ана жағынан айтылатын туыстық атаулары.** *Таға*, *дайы*, *тайеке* (нағашы, шешесінің ағайыны), *еже* (нағашы апа), *ена* (Өзбекстан қазақтарында *әже* мағынасында), *тайеже* (нағашы апасы, шешесінің апа, сінділері), *әкпе/әпке* (өзінен үлкен бірге туған, аталас, рулас қыз балалар. Бұл оңтүстікте айтылады. Қазақстанның басқа жерлерінде *ана* сөзі қолданылады), *әпше* (өзінен үлкен қыз бала. Өзбекстан қазақтарында айтылады), *шие* (шеше), *шеке* (шеше), *шешей* (Өзбекстанда үлкен абысын мағынасында), *шеше* (Өзбекстанда әкесінің ағасының әйелі мағынасында айтылады), *мама шеше* (кіндік шеше), *нашар*, *нашар бала* (қыз), *қызша* (10–14 жас аралығындағы қыз бала), *қызалақ* (10–12 жас арасындағы қыз бала) [3].

М.Ш. Сарыбаеваның пікірі бойынша, туыстықтың терминологиялық жүйесі туыстық терминдері мен терминологиялық тіркестерінен тұрады. Бұл терминдер мен терминологиялық тіркестер қандас туыстық байланыстар (қандас немесе когнациялық туыстық) [лат. Когнацио – ‘қандас туыстық’] және неке бойынша байланыстар (жұрағаттық немесе матримониалдық туыстық; матримониум – лат. ‘неке, жұбайлық’) негізінде пайда болатын қатынастар арқылы айқындалатын адамдардың топтарын білдіреді. Туыстықтың екі түрі болуына сәйкес когнациялық туыстық терминдері мен тізім тіркестері және матримонияциялық туыстық терминдер мен терминологиялық тіркестері ажыратылады. Когнациялық туыстық терминдері мен терминологиялық тіркестері – қандас туыстықтың терминологиялық жүйесін түзеді. Матримониалдық туыстық терминдері мен матримониалдық терминологиялық терминдер – матримониалдық туыстықтың тер-

1-кесте

Байланыс түрі бойынша туыстық типі	Тіл	Айырым белгілері									Барлығы
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	
Когнациалық	Орысша	+	+	+	+	+	+	–	–	–	6
	Қазақша	+	+	+	+	+	+	+	+	+	9
	Ағылшынша	+	+	+	+	+	+	–	–	–	6
Матриониалдық	Орысша	+	+	+	+	+	+	+	–	+	8
	Қазақша	+	+	+	+	+	+	+	+	+	9
	Ағылшынша	+	+	+	+	+	+	–	–	–	6
Когнациалық және матриониалдық	Орысша	+	+	+	+	+	+	+	–	+	8
	Қазақша	+	+	+	+	+	+	+	+	+	9
	Ағылшынша	+	+	+	+	+	+	–	–	–	6

минологиялық жүйесін түзеді. Терминдер мен терминологиялық тіркестерді тұтастаушы орталық – ego лат. «мен».

Когнациалық туыстық термині: *іні, ана, немере*;

Когнациалық туыстық терминологиялық тіркесі: *ата-ана*.

Матримониалдық туыстық термині: *бажа, балдыз, күйеу*

Матримониалдық туыстық терминологиялық-тіркесі: *қайын бике* [4].

Мамандардың пікірі бойынша, туыстық терминдерін зерттеу әртүрлі бағыттарда жүргізіледі. Олардың ішінде ең көп таралғаны – атаулардың семантикасын компоненттік талдау әдісімен зерттеу. Көп жылдарға созылған зерттемелер нәтижесінде тілшілер мен этнографтардың күшімен түрлі тіл топтары бойынша туыстық терминдерінің семантикалық құрылысы туралы бағалы деректер алынды. Туыстық терминология мәселелері бойынша терминдері мен терминологиялық тіркестері лингвистика мен этнографияда жинақталған материалдар негізінде белгілі бір туыстық категориясын құраушы қатынастар бойынша анықталатын адамдар тобының туыстық терминдері жинақтала келе туыстық қатынастардың тобын құрайды. Олардың негізін құрайтын басты лексикалық бірліктер ретінде төмендегі он сөзді атауға болады: *әке, шеше, ұл, қыз, аға, ана, күйеу, әйел, үлкен, кіші*.

Туыстық атаулардың үш тілдегі (ағылшын, орыс, қазақ) берілу ерекшеліктерін талдаған М.Ш. Сарыбаева айырым белгілердің төмендегі салыстырмалы кестесін береді:

1-кестеден байқалғандай, ең көп айырым белгі (9) қазақ тіліндегі когнациалық және матриониалдық туыстық атауларында [4].

Қазақ туыстық атауларының ерекше айырым белгілеріне қарап, көптеген туыстық терминдерінің өз семантикасында ру-тайпалық құрылымындағы отбасылық-некелік қатынастардың ұйымдық терминдерін сақтап қалған. Туыстық жүйелердің жіктелімі типтері сәйкес келеді. Орыс тіліндегі когнациалық туыстық терминдері мен ағылшын тіліндегі когнациалық және матриониалдық (5) туыстық терминдерінің жиынтығы олардың (орыс және ағылшын туыстық жүйесі) бірнекелік отбасы моделінен шығатын сипаттамалы типке кіретінін көрсетеді. Әсіресе орыс тіліндегі матриониалдық туыстық терминдерінің айырым белгілер жиынтығы ерекше назар аудартады. Орыс тіліндегі матриониалдық туыстық терминдерінде «жыныс ego», «байланыстырушы элемент жынысы» тәрізді айырым белгілердің болуы орыс тіліндегі матриониалды туыстық термин жүйесін ағылшын тіліндегі жүйеден ерекшелейді де, қазақ тіліндегі жүйемен жақындатады.

Халқымыздың сан ғасырға созылған тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпы, әлеуметтік жағдайы мен кәсібі — бәрі де оның тілінде өзіндік із қалдырып отырғаны белгілі. Бұрын-соңды қолданып келген, замандар бойы өзгеріп отырған туыстық атауларды тұнғыш рет жүйелі түрде арнайы жинап, олардың лексикалық құрамын анықтап, семантикалық мән-мағынасын ашқан еңбек — «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі». Сөздікке қатысты мынаны айтуға болады: қазақ тілі туыстық атауларға бай. Бұл сөздер номинативтік атау (*әке, шеше*), қаратпа атау (*көке, ана*) деп ажыратылады. Ұл жағынан тараған үрім-бұтақ атауы оныншы ұрпаққа дейін бар екен: «Қазақ өз баласының баласын немере, оның баласын шөбере, шөберенің баласын шөпшек,

шөпшектің баласын немене, оның баласын туа-  
жат, туажаттың баласын жүрежат, оның баласын  
жегжат, жегжаттың баласын жұрағат деп атай-  
ды» [5]. Алайда бұл деректерді де жеткілікті деп  
айтуға келмейді. Ә.Қайдардың этнолингвистика-  
лық сөздігінде толық түсіндірме беріледі. Ғалым-  
ның пікірі бойынша, «тік (жоғарыдан төмен және  
төменнен жоғары) бағытта өріс алатын генеоло-  
гиялық жүйені қазақтар «біздің ата-бабаларымыз»  
және «бізден тараған ұрпағымыз» деп есептеп,  
оның әр буынына ат қойып, айдар тағып, шежіре  
етіп таратып, атадан балаға рухани мұра ретінде  
қалдырып келеді. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ  
өкілі ата-баба дәстүрі бойынша білуге тиісті осы  
«ата өрісі» ретроспективті (кереғар) бағытта б

ұлы баба	
баба	
ұлы ата	
үлкен ата	
ата	
<b>Әке</b>	
<b>Бала</b>	
немере	
шөбере	
шөпшек	нементай
қияжат	туасар
туажат	
жүрежат	
тумайжат	
өлежат	
құлажат	
жұрағат	
жатжұрағат	
жекжат	
жамағат	

буыннан, **перспективті (ілгері) бағытта** 15 буын-  
нан тұрады. Олар төмендегідей:

...Жеті атаның өсіп-өнуін білген адам аз де-  
генде, 200-210 жылдық өткен аталар тарихынан  
хабардар деген сөз. Ал кестеде керсетілген 15 атаны  
білу деген сөз – (әр буын алмасуына 25-30 жыл-

дан есептегенде) шамамен атадан тараған бұрын-  
ғы-соңғы әулеттің 375-450 жылдық тарихын біле  
алады дегенге барып саяды» [6].

Қорыта келе айтарымыз, туыстық атаулар-  
ды сөздікте беруде, ең алдымен, *сөздіктің ұлттық  
ерекшеліктерді көрсетушілік қызметі* ескеріледі.  
Туыстық атаулар – қазақ халқының этногени-  
калық құрылымынан хабар беретін, оның өзіндік  
ерекшеліктерін байқататын басты лексика-семан-  
тикалық топтардың бірі. Сондықтан, ол топқа  
кіретін лексикалық бірліктердің мағынасындағы  
ұлттық этно-мәдени компонент ашылуы керек.  
Оның мәдениеттанымдық, елтанымдық құнды-  
лығы анықталуы керек. Екіншіден, *сөздіктің нор-  
малаландырушылық қызметі* орын алады. Сөздікке  
ену арқылы туыстық атаулар жүйесі тілдік нор-  
маға сәйкестендіріледі. Беки түседі. Насихатта-  
лады. Атаулардың негізгі құрамы мен қосалқы  
құрамы айқындалады, туыстық атаулар құрамын-  
дағы иерархиялық сатылы жүйенің құрылымы  
анықталады. Әдеби және жергілікті қолданым-  
дағы варианттары (*құдағи, құдағай*) айқындалады.  
Нормадағы уақыт аралығында болған өзгерістер  
анықталады. Атаудың жергілікті қолданымдағы  
шекарасы нақтыланады. Бұл жерде атап өтерлік  
басты мәселенің бірі – туыстық атаулар жүйе-  
сінің қатарына кіретін бірліктердің құрамы мен  
құрылымын белгілеу болмақ. Сөздікке алынбас  
бұрын жүйе толық зерттеліп, оның толық тізбесі  
жасалуы керек. Бұл кейбір атаулардың қамтыл-  
май қалып кетуін болдырмау үшін қажет. Ол атау-  
лар туыстық жүйе бойынша жүйеленуі керек.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Букин И. Русско-киргизский и киргизско-рус-  
ский словарь. Ташкент, 1888.
2. Малбақов М. Қазақ сөздіктері. Алматы, 1994.
3. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақ-  
тық лексикасы. Алматы: Ғылым, 1989. 68-69 бб.
4. ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1989.  
№ 3.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1984.  
7-т. 344-б.
6. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. «Адам».  
Алматы, 2009. 1-т.